«Astana Venue Management»
жауапкершілігі шектеулі серікестігінің
Байқау кеңесі отырысының
№ 8 ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы «24» желтоқсан **2025 жыл**

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 11.

Қатысқандар:

1. **Д.З. Ешкеев** – «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы;
2. **Н.Т. Алимжанов** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы;
3. **Ж.М. Даулетов** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары;
4. **А.Т. Кобаев** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары;

Шақырылғандар:

1) Д.А. Исмагулова – «Astana Venue Management» жауапкершілігі шектеулі серікестігі (бұдан әрі - Серіктестік) бас директорының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары;
2) Д.Т. Кадыролдина – Серіктестіктің бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы.

Серіктестіктің Байқау кеңесінің осы отырысы заңды деп танылады, кворум шарттары сақталды.

Байқау кеңесінің аталған отырысында «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.З.Ешкеевті төраға, Серіктестіктің бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Д.Т. Кадыролдина хатшы етіп тағайындау ұсынылды.

Дауыс беру қорытындысы:

«ИӘ» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.

ШЕШТІ: Д.З.Ешкеев – төраға, Д.Т. Кадыролдина – хатшы болып **тағайындалсын.**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Осы Хаттаманың №1 қосымшасына сәйкес Серіктестіктің 2026 жылғы даму жоспарын жыл сайынғы нақтылауды бекіту туралы.

Төраға: күн тәртібін бекіту үшін дауыс беруіңізді сұраймын.

Дауыс беру қорытындысы:

«ИӘ» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.

ШЕШТІ: күн тәртібі ұсынылған редакцияда бекітілсін.

Отырыс төрағасы күн тәртібіндегі мәселе бойынша талқылауға және шешім қабылдауға көшуді ұсынды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: Осы Хаттамаға №1 қосымшаға сәйкес Серіктестіктің 2026 жылға арналған даму жоспарын жыл сайынғы нақтылауды бекіту туралы

«Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну ережелерін бекіту туралы» Серіктестіктің 2026 жылғы даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау жобасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі №18 бұйрығымен бекітілген формаларға сәйкес әзірленді.

Серіктестіктің 2026 жылғы даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау жобасында Қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері былайша көрсетілген:

- **Жоспарланған кірістер 2 422 970,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:**
- Экскурсия жүргізу бойынша қызметтерден түсетін кірістер 743 040,0 мың теңге;
- Орынжайларды ұсыну бойынша қызметтерден түсетін кірістер 147 687,0 мың теңге;
- Іс-шараларды өткізу үшін орынжайларды ұсыну жөніндегі қызметтерден түсетін кірістер 63 457,0 мың теңге;
- Сенімгерлік басқару шартына сәйкес ғимаратты күтіп ұстау бойынша көрсетілген қызметтер үшін кірістер 1 069 065,0 мың теңге;
- Сыйақылар бойынша табыстар 5 737,5 мың теңге
- Басқа да табыс 393 983,5 мың теңге.

- **Шығыстар 2 330 125,0 мың теңге сомасында жоспарланған, оның ішінде:**
- Еңбекақы төлеу қоры 708 324,0 мың теңге;
- Салықтар және әлеуметтік аударымдар 124 074,0 мың теңге;
- Коммуналдық қызметтер сомасы 188 462,0 мың теңге;
- Қорлар мен материалдар 440 016,0 мың теңге;
- Пайдалану шығыстары 368 955,0 мың теңге, *оның ішінде ағымдағы жөндеу 28 434,0 мың теңге;*
- Жалпы және әкімшілік шығыстар 52 310,5 мың теңге;
- Басқа да шығыстар (өндірістік, жалпы және әкімшілік) 54 000,0 мың теңге;
- Басқа шығыстар (*оның ішінде СБШ бойынша дебиторлық берешекті есептен шығару*) 393 983,5 мың теңге;

Қаржылық нәтиже 92 845,0 мың теңге мөлшерінде пайда.

Осылайша, серіктестіктің жоспарланған қаржылық нәтижесі **92 845,0** мың теңге мөлшеріндегі пайданы және **74 276,0** мың теңге мөлшеріндегі таза пайданы құрайды.

Дауыс беру қорытындысы:

«ИӘ» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «Қалыс қалды» - жоқ.

ШЕШТІ: Серіктестіктің 2026 жылғы даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау осы Хаттаманың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін (Идентификатор – 14-170840031785-2024-023).

Серіктестіктің Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері аяқталғандықтан, Серіктестіктің Байқау кеңесінің отырысы жабық деп жарияланды.

Төраға:

Д.З. Ешкеев _____

Отырыс мүшелері:

Н.Т. Алимжанов _____

Ж.М. Даулетов _____

А.Т. Кобаев _____

Хатшы:
Д.Т. Кадыролдина _____